



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады





### ***Бір шың бар – «Шөмішбай» деп аталатын***

*Халқынан аяған жоқ махаббатын,  
Шығарған ел ерлігін,  
Ата даңқын.  
Аяулы Алатаудың аясында,  
Бір шың бар –  
«Шөмішбай» деп аталатын.*

*Сол бір шың,  
Алатаудың бір өркеші,  
Әуелден Ай сырласы,  
Күн еркесі.  
Аралға арна тартып қосылуға.  
Керуен –  
Келешектің жүрер көші.  
Жарқылдап жайдың оғы  
Алдаспандай.*

*Тазарып ақын көңіл таңғы аспандай.  
Арал мен Алматының арасында,  
Үзілмес Жібек жолы жалғасқандай.*

*Ол менің қазағымның Шөмішбайы,  
Суы мол, шөбі шүйгін, өріс жайлы.  
Бірі – тау, бірі – теңіз болса-дағы,  
Арал мен Алматыны тең ұстайды.*

*Астана дүрсілдеген – жүрегіндей,  
Бәйтерек Жер мен Аспан тіреуіндей.  
Ән-жыры Шөмішбайдың  
Ғасырлардан  
Жалғасқан керуен жолы легіндей.  
Кей кезде кісі таппай теңдесерге,  
Батылы жете бермес белдесерге.*

*Пушкиннен айнымайтын Шөмішбайды.  
Жарасар Дөй десең де, Шоң десең де.*

*Өлеңмен тұрғызады нарды шөккен,  
Кең-байтақ кеудесіне алғыс еккен.  
Мейлі ол, қай қиырда жүрсе-дағы.  
Бәрібір көрінеді алғы шептен.*

*Әркімнің бір биіктен үміті бар.  
Кім ұтып, жыр – жарыста кім ұтылар?!  
Желдіртіп Алматыға жетіп келсем,  
Алдымда Шөмішбайдың шыңы тұрар.*

*Бөлінбей бауырынан, туысынан,  
Достықты шығармайды уысынан.  
Шөкімдей бір бұлт таппай дал болар ең,  
Шөкеңнің кеудесінің қуысынан.*

*Көңілді –  
Қай кезде күліп жүрер,  
Жөніңді,  
Жағдайыңды біліп жүрер.  
Жатырқап, бірін-бірі жау санамай,  
Болса зой Шөмішбайдай  
Бүгінгілер!*

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ**